

Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Көксу аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 18 маусымдағы N 179 қаулысы. Алматы облысының әділет департаментімен 2013 жылы 10 шілдеде N 2392 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы N 340 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық әкімдігінің
18.12.2013 N 340 қаулысымен.
Р Қ А О ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы
с а қ т а л ғ а н .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-5), 5-6) тармақшаларына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Көксу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ
Е Т Е Д І :**

1. Көксу ауданы бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының екі пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Көксу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Шаяхметова Айгүл Нұртайқызы) және "Көксу ауданының жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесі (Искаков Дәурен Маратұлы) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін белгіленген квота бойынша бос жұмыс орындарына ж о л д а м а н ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Көксу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші

кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" N 220 қаулысының (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 5 маусымда 2-14-130 нөмірімен енгізілген, аудандық "Нұрлы Көксу" газетінде 2012 жылғы 15 маусымда 24 (133) нөмірімен жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы *А у д а н* *ә к і м і н і ң*
М.Бейсенов